

FTAMP 16.21.07

<https://doi.org/10.63597/UTO3105-4161.2025.2.2.006>**Г.С. Ерсұлтанова\*<sup>1</sup>, С.К. Сердалина<sup>2</sup>**

ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу орталығы» ШЖҚ РМК, Астана қ, Қазақстан Республикасы

\*e-mail: e\_gulnura@mail.ru

<sup>1</sup>ORCID 0000-0001-9503-7217, <sup>2</sup>ORCID 0000-0001-6200-2085

## ҚАЗТЕСТ: ТЕСТІЛЕУДІ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ

Бұл мақалада ҚАЗТЕСТ жүйесінің қалыптасуы, тестілеу тәртібі мен көпжылдық тәжірибесі кеңінен және жан-жақты қарастырылады. Ғылыми жазбада қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалауға арналған, нақты мақсаттарға бағытталған ҚАЗТЕСТ жүйесінің әдістемелік және ұйымдастырушылық құрылымы сипатталады. Тестілеудің диагностикалық және сертификаттық түрлері, оларды өткізудің нақты кезеңдері, бағалау талаптары және іргелі әділдік қағидаттары жан-жақты баяндалады. Жүйенің халықаралық стандарттарға толық сай жүргізілуі, автоматтандырылған форматта сәтті жүзеге асырылуы, цифрлық трансформация үдерісіндегі жетістіктері мен жоғары қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі тереңрек атап өтіледі. Соңғы жылдары ҚАЗТЕСТ жүйесіне электронды форматтың енгізілуі тестілеу үдерісінің қолжетімділігін, тиімділігін және жеделдігін арттырды. Заманауи технологияларды қолданудың арқасында электронды тестілеу платформалары арқылы өңірлік және халықаралық деңгейде тест тапсыру мүмкіндігі кеңейіп, деректерді өңдеудің дәлдігі мен жылдамдығы қамтамасыз етілді. Бұл өзгерістер тестілеу нәтижелерінің объективтілігі мен ашықтығын арттыруға да ықпал етті. Сонымен бірге, ҚАЗТЕСТ жүйесінің тіл саясатының тиімді құралдарының бірі ретіндегі стратегиялық рөлі, оның мемлекеттік тілді дамыту мен қолдану аясын кеңейтудегі орнына ерекше назар аударылады. Ұсынылған талдау білімді бағалау жүйесін жетілдірудің ұзақ мерзімді перспективаларын анықтауға мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** ҚАЗТЕСТ, мемлекеттік тіл, стандарт, тестілеу тәртібі, диагностикалық тест, сертификаттық тест.

### Кіріспе

Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл саясатының басты басымдығы – қазақ тілінің қоғамдық өмірдің барлық саласында толыққанды қызмет етуін қамтамасыз ету. Мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін бағалау тетіктерін жетілдіру – бұл саясаттың маңызды құрамдас бөлігі. Осы бағытта әзірленген ҚАЗТЕСТ жүйесі қазақ тілін екінші тіл ретінде үйренушілердің тілді меңгеру деңгейін әділ және халықаралық талаптарға сай бағалауға арналған бірегей ұлттық модель болып табылады.

ҚАЗТЕСТ жүйесі – халықаралық тілдік тестілеу тәжірибесіне негізделген ұлттық бағалау жүйесі. Жүйенің басты мақсаты – азаматтардың мемлекеттік тілді қолдану деңгейін анықтап, оны әрі қарай дамытуға ынталандыру. Жүйе Еуропалық тілдік портфель (CEFR) құрылымын басшылыққа ала отырып, тіл үйренушілердің А1–С1 аралығындағы деңгейлерін нақты анықтауға мүмкіндік береді.

ҚАЗТЕСТ жүйесі алғаш рет 2006 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ұлттық тестілеу орталығы жанынан құрылып, өз жұмысын ғылыми-әдістемелік негізде бастады. Оның қалыптасуында IELTS, TOEFL сияқты халықаралық тестілеу жүйелерінің құрылымы мен тәжірибесі зерттеліп, ұлттық ерекшеліктер ескерілді. ҚАЗТЕСТ бүгінде тілдік құзыреттілікті бағалаудың сенімді, әділ және тиімді құралы ретінде танылып отыр.

Мақаланың мақсаты – ҚАЗТЕСТ жүйесінің қалыптасу алғышарттарын, тестілеу үдерісінің ұйымдастырылу тәртібі мен тәжірибелік нәтижелерін талдай отырып, оның мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асырудағы рөлін айқындау.

### Зерттеу материалдары мен әдістері

Негізгі талдау нысаны ретінде 2006–2024 жылдар аралығында ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша тест тапсырушылар саны алынды. Зерттеу барысында сандық деректер жинақталып, жылдық динамикада талданды. Деректер ҚР ҒЖБМ Ұлттық тестілеу орталығының ресми статистикасы мен ашық ақпарат көздері негізінде алынған.


Зерттеу әдістері ретінде:

- Педагогикалық өлшеу әдістері – тілдік білім мен коммуникативтік құзыреттілікті бағалау үшін;

- Салыстырмалы статистикалық талдау – жылдар бойынша тест тапсырушылар санының өзгерісін айқындау үшін;

- Графикалық визуализация – тенденцияны көрнекі көрсету үшін қолданылады.

ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша тест тапсырушылар санының өсу динамикасы төмендегі диаграммада 2006 жылдан бастап 2024 жылға дейінгі аралықтағы тест тапсырушылар саны көрсетілген. 2006 жылы бар болғаны 127 адам тест тапсырған болса, бұл көрсеткіш 2024 жылы 31 515 адамға жеткен. Бұл – 18 жыл ішінде 250 еседен астам өсімді білдіреді (сурет 1).



Сурет 1 - ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша тест тапсырушылар саны (2006–2024 жж.)

### Нәтижелер және талқылау

Қазақ тілін білу деңгейін бағалау жүйесін қолданысқа енгізу алдында, жалпы теория мен тәжірибенің ұштасу нүктесін тану мақсатында тілдік тест табиғаты мен олардың дүниежүзілік деңгейде танымал тәжірибелеріне ғылыми-практикалық тұрғыдан талдаулар жасалынды. Тілдік

білімді бағалаудың институционалдық мүмкіндіктері көптеген жылдан бері қолданысқа еніп, тиімділікпен өзінің өміршеңдігін дәлелдегені халықаралық тіл білу деңгейін бағалаудың мынадай жүйелеріне талдау жасалынды:

- TOEFL (Test of English as a Foreign Language);
- IELTS (International English Language Tests System);
- DALF/DELF (Diplome Approfondi de Langue Française/Diplome d'Etudes en Langue Française);
- DSH (Deutsche Sprachprüfung für den Hochschulzugang);
- Grundbaustein DaF, Zertifikat Deutsch;
- TORFL (Test of Russian as a Foreign Language);
- TÖMER (Türkçe Öğretim Merkezi) және т.б.

Осылардың ішінде қазақстандық тіл үйрету жүйесінің табиғатына құрылымдық және мазмұндық жағынан жуық деп төмендегі жүйелер танылды.

TOEFL (Test of English as a Foreign Language). Бұл – ағылшын тілін меңгерудегі негізгі біліктіліктерді бағалайтын, ағылшын тілі азаматқа шет тілі ретінде қабылданатын халықаралық емтихан. АҚШ–тың Нью-Джерси штатында, Принстон университетіндегі ETS (Educational Testing Service) білім саласында американдық тестілеу қызметі дайындаған, танымал стандартты тестілердің бірі. TOEFL-дың негізгі мақсаты – ағылшын тілі ана тілі болып саналмайтындардың тілдік білімін бағалау. Сондай-ақ TOEFL-дан сертификаты болуы АҚШ, Канада және ағылшын тілді басқа да елдердегі университет, колледждерге оқуға түсудің қажетті шарты болып табылады. Нақ осы тестінің нәтижесі бұрын басқа тілде оқыған студенттердің, аспиранттардың АҚШ университеттеріне оқуға түсу кезінде де талап етіледі. Сонымен, бірге TOEFL-ды тапсыру – көптеген шетелдік бағдарламалар бойынша тағлымдамаларға қатысу үшін және кейбір ғылыми және кәсіби сертификаттық бағдарламалар да үміткердің TOEFL-ды тапсыруын талап етеді. TOEFL емтихандары 4 бөлімнен тұрады: тыңдалым – Listening, грамматикалық конструкция – Structure, оқылым – Reading, жазылым – Writing. TOEFL-дың барлық орындалған міндетті бөліктеріне балл қойылады, содан кейін жиынтық балл есептелінеді.

ТРКИ (шет тілі ретінде орыс тілінен тесттер). ТРКИ – шетел азаматтарының орыс тілін меңгеру деңгейін бағалау тестілеуі. Бұл жүйе Ресей Білім министрлігі ұсынған, М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде және тағы басқа жоғары оқу орындарында қолданылады. ТРКИ жүйесінде 6 деңгей қалыптасқан: қарапайым, базалық және 4 сертификациялық деңгейлер. Олардың ішінде 1 сертификациялық деңгей – ресейлік жоғары оқу орындарына түсудің қажетті шарты, 2-4 деңгейлері инженерлік-техникалық, гуманитарлық және басқа салалардың кәсіби талаптары. Емтихандарды бір-біріне тәуелсіз тапсыруға болады және жарамдылық мерзімі шектелмеген.

Бұл жүйелердің ҚАЗТЕСТ жүйесіне жақын келетін тұстары:


- біріншіден, бұл тест жүйелерінде бойынша оқылым, айтылым, жазылым және лексика-грамматикалық дұрыстығы сияқты сөйлеу іс-әрекетінің түрлеріндегі маңызды орын алатын коммуникативтік күзiреттілігі тексеріледі;
- екіншіден, бұл жүйелерде деңгейлік жүйелердің құрылымдық және мазмұндық болмысы айқын градациялықпен өсіп отырады;
- үшіншіден, ресейлік тіл білімін тексеру жүйесінде орыс тілі – ресейліктерге және шетелдіктерге деген арнамен берілген. ҚАЗТЕСТ жүйесінде де осы бағыт ұсталынып отырғандықтан, мұндай тәжірибелердің маңыздылығы ескерілуі қажет.

ҚАЗТЕСТ тестілеуі диагностикалық және сертификаттық түрлерге бөлінеді:

Диагностикалық тестілеу – тіл үйренушінің бастапқы тілдік деңгейін анықтайды. Диагностикалық тестілеу – мемлекеттік қызметшілер; мемлекеттік қызмет көрсету саласының

қызметкерлері; ұлттық компаниялар мен холдингтердің; мемлекеттік емес мекемелердің, күштік құрылым қызметкерлеріне міндеттелген. Жыл сайын ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша шамамен 20 000 адам диагностикалық тестілеуден өтіп, өздерінің мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін анықтайды. 230 «Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту» бюджеттік бағдарламасының 101 «Қазақстан Республикасы азаматтарының қазақ тілін білу деңгейін бағалау» кіші бағдарламасы шеңберінде диагностикалық деректер талдауы соңғы жылдары тест тапсырушылардың қазақ тілін меңгеру көрсеткіштерінде оң серпін байқалатынын көрсетеді. Бұл мемлекеттік тілдің қоғамдық қолданыс аясының кеңейіп келе жатқанын және ҚАЗТЕСТ жүйесінің тиімділігін айғақтайды.

Сертификаттық тестілеу – нақты деңгейді растайтын ресми құжат (сертификат) алуға бағытталған. ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша тестілеу төмендегі контингенттер үшін міндеттелген (сурет 2), яғни:




**Сурет 2 – ҚАЗТЕСТ жүйесі міндеттелген контингенттің кеңеюі (2008-2024)**

Қазіргі таңда ҚАЗТЕСТ жүйесіне деген сұраныс үнемі артып келеді. Бұл тестілеуді, ең алдымен, мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік сала өкілдері, ұлттық компаниялар мен холдинг қызметкерлері, студенттер, оқушылар, жеке тұлғалар, сондай-ақ «Болашақ» халықаралық стипендиясына және докторантураға түсуші үміткерлер, Назарбаев Зияткерлік мектептерінің педагогтері мен мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшысы лауазымына кандидаттар, әскери қызметшілер және Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға ниет білдірушілер тапсырады.

Тестілеу статистикасы жыл сайын қарқынды өсіп келе жатқанын көрсетеді. Мәселен, 2020 жылы ҚАЗТЕСТ жүйесіне 7 335 адам қатысқан болса, 2024 жылы бұл көрсеткіш 31 515 тестіленушіге жеткен. Бұл – төрт жыл ішінде тестіленушілер санының шамамен 4,3 есеге артқанын білдіреді.

2024 жылғы мәліметтерге сәйкес, тест тапсырушылардың құрылымы келесідей (сурет 3):



Сурет 3 – 2024 жылғы ҚАЗТЕСТ тапсырушылардың үлесі

Аталған деректер ҚАЗТЕСТ жүйесінің тек мемлекеттік құрылымдар үшін ғана емес, сонымен қатар академиялық және азаматтық секторлар үшін де маңызды құралға айналғанын айғақтайды.

ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша тестілеуді ұйымдастыру мен өткізу үдерісі бірнеше өзара байланысқан кезеңдерден тұрады. Бұл кезеңдер тестіленушілерді тіркеуден бастап, нәтижелерді бағалап, сертификат беруге дейінгі барлық процестерді қамтиды. Тестілеудің жоғары сапада өтуі үшін алдын ала дайындық, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, әдістемелік нұсқаулық беру және әділ бағалау механизмдері нақты реттеліп, стандартталған түрде жүзеге асырылады.

#### 1. Тестілеуге дайындық кезеңі

##### а) Тест тапсырушыларды тіркеу

Қатысушылар [app.testcenter.kz](http://app.testcenter.kz) сайтындағы жеке кабинет арқылы онлайн тіркеледі немесе жауапты ұйым арқылы орталықтандырылған түрде тіркеуден өтеді. Тіркеу кезінде жеке деректер, тестілеу өтетін қала мен уақыт белгіленеді.

##### б) Материалдарды дайындау

Тест нұсқалары бір үлгілік тестілеу жүйесі: бір тест тапсыру арқылы бұл тестіленушілердің нақты тілдік деңгейін анықтауға ықпал ететіндей жасалады (A1–C1). Құпия ақпарат ретінде тест тапсырмалары арнайы электрондық базада сақталады және тек тест күні ашылады.

##### с) Өткізу орнының дайындығы

Тестілеу өтетін аудиториясы сыртқы шудан оқшауланған, техникалық құралдармен (компьютер, колонка, микрофон) жабдықталған, бейнебақылау орнатылады. Қағаз форматта әр қатысушыға арналған жеке тест бланкісі, жауап парағы, есту материалдары алдын ала дайындалады.

#### 2. Тестілеу өткізу барысы

##### а) Нұсқаулық кезеңі

Тест әкімшісі қатысушыларға тестілеу ережелерін, тәртібін, уақыт шектеулерін және бөлімдердің құрылымын түсіндіреді.

Қатысушыларға:

Телефон, қағаз, сөздік қолдануға болмайтыны ескертіледі. Бөлмеден шығу, басқа қатысушымен сөйлесу тыйым салынатыны айтылады. Қандай жағдайда тест нәтижесі жойылатыны түсіндіріледі.

б) Тестілеудің төрт бөлімі

Тыңдалым – қатысушылар аудиожазбаны тыңдайды, тыңдалған диалог пен мәтіндерге тікелей қатысты сұрақтарға жауап береді.

Оқылым – мәтіндер ұсынылады, бірнеше нұсқаның ішінен бір дұрыс жауапты таңдайды.

Жазылым – берілген тақырыпқа байланысты эссе жазу немесе сурет бойынша өз ойын жеткізу сұралады.

Айтылым – бұл бөлікте, қатысушыларға нақты жағдайларда сөйлеу, өз пікірін білдіру немесе сұрақтарға жауап беру тапсырмалары беріледі.

3. Бағалау және қорытындылау

а) тыңдалым мен оқылым автоматты түрде немесе жауап парақтарындағы мәліметтер оптикалық сканерден өту арқылы арнайы бағдарламада өңделіп тексеріледі.

б) айтылым мен жазылым арнайы дайындықтан өткен тәуелсіз тексерушілермен балдық жүйеде бағаланады (мазмұн, құрылым, грамматика, лексика, байланыстыру құралдары бойынша).

с) нәтижелер бірінғай базаға енгізіледі, әр қатысушы [www.app.testcenter.kz](http://www.app.testcenter.kz) жеке кабинеттен өзінің сертификатын жүктеп ала алады және сертификат екі жылға жарамды.

Тестілеудің әділдігін қамтамасыз ету шараларына тоқталсақ:

Идентификация: қатысушы жеке куәлікпен қатысады.

Бақылау: тест барысы бейнежазбаға жазылады.

Ереже бұзу: егер тест тапсырушы тыйым салынған әрекеттер жасаса (мысалы, көшіру, суретке түсіру), оның нәтижесі жарамсыз деп танылады.

Сонымен қатар, соңғы жылдары мемлекеттік тіл саясатының тиімділігін арттыру мақсатында ҚАЗТЕСТ жүйесін цифрландыру үдерісі белсенді жүргізілуде. Бұл бағытта ең маңызды жаңалық – ҚАЗТЕСТ жүйесінің электронды форматқа біртіндеп көшуі. 2024 жылдың қазан айынан бастап Астана қаласында ҚАЗТЕСТ сертификаттық тестілеуі алғаш рет электронды форматта өткізілді. Жаңа формат сынақ тәртібінде енгізіліп, оң нәтижелер көрсеткеннен кейін, 2025 жылдан бастап еліміздің өзге аймақтарында орналасқан аймақтық тест орталықтарында өткізіліп отыр.

Электронды форматтың енгізілуі бірнеше артықшылықтарды қамтамасыз етті. Біріншіден, тестілеу үдерісін дербестендіріп, қатысушыларға тіркелу, тапсыру және нәтижелерді алу сияқты барлық кезеңдерді онлайн режимде орындауға мүмкіндік берді. Екіншіден, тестілеудің ашықтығы мен объективтілігі артты: компьютер арқылы автоматтандырылған бағалау жүйесі адамның субъективті араласуын азайтады. Электронды форматта тестілеу [app.testcenter.kz](http://app.testcenter.kz) платформасы арқылы ұйымдастырылады. Қатысушылар өз қалауы бойынша тестілеу уақытын таңдап, жеке кабинет арқылы тіркеледі. Тестілеу аяқталған соң, сертификаттар да электронды түрде беріледі. 2023 жылдан бастап ҚАЗТЕСТ сертификаттары тек электронды форматта ұсынылады және QR-код арқылы шынайылығын тексеру мүмкіндігі қамтамасыз етілген. Сертификатта тест тапсырған тұлғаның аты-жөні, нәтижелері, деңгейі және жарамдылық мерзімі көрсетіледі. Бұрын берілген қағаз сертификаттар жарамдылық мерзімі біткенге дейін заңды күшінде қала береді.



## ҚАЗТЕСТ тестілеуін электронды форматта өткізудің артықшылықтары

<p><b>Жылдамдық</b></p> <p><b>Нәтижелерді өңдеу:</b> Компьютерлік тестілеу жауаптарды автоматты түрде тексеріп, Тыңдалым және Оқылым блоктарының нәтижелерін бірден шығара алады.</p> <p><b>Уақыт үнемдеу:</b> Тест тапсыруға кететін уақыт қысқарады, өйткені жауаптарды қолмен белгілеудің қажеті жоқ.</p>	<p><b>Ыңғайлылық</b></p> <p><b>Қолжетімділік:</b> Тестілеуді тестілеу өткізу пункттері орналасқан кез-келген қалада тапсыруға болады.</p> <p><b>Түзету мүмкіндігі:</b> Тест тапсыру бағдарламасында тестіленуші жауаптарды тексеріп, өзгертулер енгізуге мүмкіндігі бар.</p>	<p><b>Тиімді басқару</b></p> <p><b>Деректерді сақтау:</b> Тестіленушілердің жауаптары автоматты түрде сақталады, сондықтан деректерді жоғалту қаупі төмен.</p> <p><b>Талдау:</b> Жинақталған нәтижелерді автоматты түрде статистикалық өңдеуге және талдауға болады.</p>
<p><b>Мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін қолайлылық</b></p> <p><b>Арнайы функциялар:</b> Мысалы, мәтінді дыбыстау, шрифт өлшемін үлкейту немесе түс контрастын реттеу мүмкіндігі бар.</p>	<p><b>Қауіпсіздік</b></p> <p><b>Ақпараттың құпиялығы:</b> Жүйеде тест сұрақтары мен нәтижелері қауіпсіз түрде сақталады.</p>	<p><b>Объективті</b></p> <p><b>Бағалау:</b> Адами фактордың әсері төмендейді, себебі тексеру барысында тапсырмалар кодпен беріледі, жауаптардың тексерілуі автоматтандырылған.</p>
<p><b>Экологиялық артықшылықтар</b></p> <p><b>Қағаз үнемдеу:</b> Қағаз бен принтер сиясын қолдануды қажет етпейді, бұл экологиялық таза шешім.</p>	<p><b>Икемділік</b></p> <p><b>Тест форматтары:</b> Компьютерде тестіленушілерге әртүрлі тест нұсқаларын қолдануға болады.</p>	<p><b>Уақытты бақылау:</b> Тест тапсырушыларға бірдей уақыт беріледі, оны жүйе дәл есептейді.</p>

Жалпы алғанда, ҚАЗТЕСТ жүйесінің электронды форматқа көшуі мемлекеттік тілді меңгеруді бағалау үдерісін заманауи, тиімді әрі қолжетімді етуге бағытталған стратегиялық қадам болып табылады. Бұл формат мемлекеттік тілді оқыту мен меңгерудің жаңа сатыға көтерілгенін көрсетеді. Сонымен қатар, электронды форматтың кеңеюі тіл саясатының ашықтығын арттырып, мемлекеттік басқару жүйесінде цифрлық технологияларды қолданудың үлгісін қалыптастырады.

### Қорытынды

ҚАЗТЕСТ жүйесі – мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін бағалауға арналған ұлттық механизм ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуге бағытталған стратегиялық құрал. Жүйенің халықаралық стандарттарға сай құрылуы, ғылыми-әдістемелік негізінің жүйелілігі және оның барлық өңірлерде тиімді қолданылуы – мемлекеттік тіл саясатының пәрменді жүзеге асуына ықпал ететін маңызды факторлар қатарында.

ҚАЗТЕСТ жүйесі тілдік құзыреттілікті бағалаумен қатар, азаматтардың тілді меңгеруге деген уәжін арттырады, кәсіби және әлеуметтік салаларда қазақ тілін қолдануды жандандырады. Жүйе арқылы алынған нәтижелер білім беру ұйымдары мен мекемелерде тілдік дайындықты оңтайландыруға, оқыту сапасын бағалауға және оқу үдерісін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, ҚАЗТЕСТ – мемлекеттік тілдің әлеуметтік мәртебесін нығайтатын, күнделікті және кәсіби коммуникация құралы ретінде қазақ тілінің ролін нақтылайтын маңызды тетік. Оның ғылыми негізделуі мен халықаралық тәжірибеге сәйкестігі жүйенің сенімділігі мен өміршеңдігін қамтамасыз етеді.

Қорытындылай келе, ҚАЗТЕСТ жүйесі – мемлекеттік тіл саясатын тиімді жүзеге асырудың, тілдік білім мен дағдыны бағалаудың және қазақ тілінің қоғамдық беделін арттырудың пәрменді құралы ретінде өзектілігін сақтап келеді.

## Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңы. – Астана, 1997. – [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151_)
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007. – [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_)
3. CEFR – Common European Framework of Reference for Languages: Learning, Teaching, Assessment. – Council of Europe, 2001. – 273 p.
4. Әбілдаева Ж. Б. Мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін анықтаудың ҚАЗТЕСТ жүйесі // Тілтаным. – 2019. – № 3(77). – Б. 45-52.
5. Ерсұлтанова Г. С. Тілді меңгеру деңгейін бағалаудағы ҚАЗТЕСТ жүйесінің рөлі: жаңа форматтағы тиімділік // Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді оқытудың жүйесі: деңгейлері мен сатылары. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2024. – Б. 362.
6. Кульманова Ш. Т. Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту: оқыту технологиясы және бағалау жүйесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 168 б.
7. Ахметова Г. А. Мемлекеттік тілді оқытуда ҚАЗТЕСТ жүйесінің рөлі // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2020. – № 2(180). – Б. 110-115.
8. Нұрғали Ә. ҚАЗТЕСТ жүйесінің тіл меңгерудегі маңыздылығы // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2021. – № 4. – Б. 75-80.
9. KAZTEST.kz – Ресми ақпараттық сайты. – <http://www.kaztest.kz>
10. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 23 қыркүйектегі № 458 бұйрығы «ҚАЗТЕСТ» қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау жүйесі бойынша қағидаларды бекіту туралы».
11. Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарты 1926-2009. Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Қарапайым деңгей. Жалпы меңгеру. – Астана: Мемстандарт, 2009.
12. Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарты 1928-2009. Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Базалық деңгей. Жалпы меңгеру. – Астана: Мемстандарт, 2009.
13. Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарты 1929-2009. Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Орта деңгей. Жалпы меңгеру. – Астана: Мемстандарт, 2009.
14. Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарты 1925-2009. Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Ортадан жоғары деңгей. Жалпы меңгеру. – Астана: Мемстандарт, 2009.
15. Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарты 1927-2009. Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Жоғары деңгей. Жалпы меңгеру. – Астана: Мемстандарт, 2009.
16. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы № 914 қаулысы «Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы».

**G. Yersultanova, S. Serdalina**

### **KAZTEST: TEST ADMINISTRATION PROCEDURES AND EXPERIENCE**

This article discusses in detail the formation of the KAZTEST system, the procedure and practice of testing. The scientific record describes the methodological and organizational structure of the KAZTEST system for assessing the level of proficiency in the Kazakh language. The diagnostic and certification types of testing, the stages of their implementation, assessment requirements and principles of fairness are described in detail. The system's compliance with international standards, implementation in an automated format, achievements in the process of digital transformation and compliance with security requirements are noted. In recent years, the introduction of the electronic format into the KAZTEST system has increased the accessibility, efficiency and efficiency of the testing process. The possibility of passing tests at the regional and international levels through

electronic test platforms has been expanded, and the accuracy and speed of data processing have been ensured. These changes also helped to increase the objectivity and transparency of the test results. At the same time, special attention is paid to the strategic role of the KAZTEST system as one of the effective tools of language policy, its place in the development and expansion of the scope of the state language. The presented analysis allows for the identification of long-term prospects for improving the knowledge assessment system.

**Keywords:** KAZTEST, state language, testing procedure, diagnostic test, certification test.

Г.С. Ерсултанова, С.К. Сердалина

## КАЗТЕСТ: ПОРЯДОК ПРОВЕДЕНИЯ ТЕСТИРОВАНИЯ И ОПЫТ РЕАЛИЗАЦИИ

В данной статье подробно и всесторонне рассматривается формирование системы КАЗТЕСТ, порядок и многолетняя практика тестирования. Научная запись описывает методическую и организационную структуру системы КАЗТЕСТ, предназначенную для оценки уровня владения казахским языком. Подробно излагаются диагностические и сертификационные виды тестирования, конкретные этапы их проведения, требования к оценке и фундаментальные принципы справедливости. Отмечается полное соответствие системы международным стандартам, реализация в автоматизированном формате, достижения в процессе цифровой трансформации и соответствие высоким требованиям безопасности. В последние годы внедрение электронного формата в систему КАЗТЕСТ значительно повысило доступность, эффективность и оперативность процесса тестирования. Благодаря использованию современных технологий расширена возможность прохождения тестов на региональном и международном уровнях через электронные тестовые платформы, обеспечена высокая точность и скорость обработки данных. Эти изменения также способствовали существенному повышению объективности и прозрачности результатов тестирования. Вместе с тем, особое внимание уделяется стратегической роли системы КАЗТЕСТ как одного из эффективных инструментов языковой политики, ее месту в развитии и расширении сферы применения государственного языка. Представленный анализ позволяет определить долгосрочные перспективы совершенствования системы оценки знаний.

**Ключевые слова:** КАЗТЕСТ, государственный язык, порядок тестирования, диагностическое тестирование, сертификационное тестирование.

## References

1. Kazakhstan Respublikasynyn "Til turaly" Zany [Law of the Republic of Kazakhstan "On Languages"]. (1997). [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151_)
2. Kazakhstan Respublikasynyn "Bilim turaly" Zany [Law of the Republic of Kazakhstan "On Education"]. (2007). [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_)
3. *CEFR – Common European Framework of Reference for Languages: Learning, Teaching, Assessment*. (2001). Council of Europe.
4. Abildaeva, Zh. B. (2019). Memlekettik tildi mengeru dengeyin anyktaudyn KAZTEST zhuiesi [KAZTEST system for determining the level of state language proficiency]. *Tiltanym* [Linguistics], (3), 45-52.
5. Ersultanova, G. S. (2024). Tildi mengeru dengeyin bagaladagy KAZTEST zhuiesinin roli: zhana formattagy tiimdilik [The role of the KAZTEST system in assessing the level of language proficiency: efficiency in a new format]. *Kazakhstan Respublikasynda memlekettik tildi okytudyn zhuiesi: dengeyleri men satylary* [The system of teaching the state language in the Republic of Kazakhstan: levels and stages] (p. 362). Institute for the Development of the State Language.
6. Kulmanova, Sh. T. (2021). *Kazakh tilin ekinshi til retinde okytu: okytu tekhnologiyasy zhane bagalau zhuiesi* [Teaching Kazakh as a second language: teaching technology and assessment system]. Kazakh universiteti.

7. Akhmetova, G. A. (2020). Memleketтік tildi okytuda KAZTEST zhuiesinin roli [The role of the KAZTEST system in teaching the state language]. *KazNU khabarshysy. Filologiya seriyasy* [Bulletin of KazNU. Philology series], (2), 110-115.

8. Nurgali, A. (2021). KAZTEST zhuiesinin til mengerudegi manizdylygy [Importance of the KAZTEST system in language learning]. *Kazakh tili men adebiyeti* [Kazakh Language and Literature], (4), 75-80.

9. KAZTEST.kz – Resmi akparattyk saity [KAZTEST.kz – Official information site]. (n.d.). <http://www.kaztest.kz>

10. Kazakhstan Respublikasy Gylym zhane zhogary bilim ministrinin 2024 zhylygy 23 kyrkuiedegi № 458 buyrygy "KAZTEST kazakh tilin mengeru dengeyin bagalau zhuiesi boyynsha kagidalary" [Order of the Minister of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan dated September 23, 2024, No. 458 "On approval of the rules for the KAZTEST system for assessing the level of Kazakh language proficiency"]. (2024).

11. Kazakhstan Respublikasynyn memleketтік standarty 1926-2009. Kazakh tilin mengerudin kommunikativтік tildik kuzyrettilikteri. Karapayym dengey. Zhalpy mengeru [State Standard of the Republic of Kazakhstan 1926-2009. Communicative language competences of Kazakh language proficiency. Elementary level. General proficiency]. (2009). Memstandart.

12. Kazakhstan Respublikasynyn memleketтік standarty 1928-2009. Kazakh tilin mengerudin kommunikativтік tildik kuzyrettilikteri. Bazalyk dengey. Zhalpy mengeru [State Standard of the Republic of Kazakhstan 1928-2009. Communicative language competences of Kazakh language proficiency. Basic level. General proficiency]. (2009). Memstandart.

13. Kazakhstan Respublikasynyn memleketтік standarty 1929-2009. Kazakh tilin mengerudin kommunikativтік tildik kuzyrettilikteri. Orta dengey. Zhalpy mengeru [State Standard of the Republic of Kazakhstan 1929-2009. Communicative language competences of Kazakh language proficiency. Intermediate level. General proficiency]. (2009). Memstandart.

14. Kazakhstan Respublikasynyn memleketтік standarty 1925-2009. Kazakh tilin mengerudin kommunikativтік tildik kuzyrettilikteri. Ortadan zhogary dengey. Zhalpy mengeru [State Standard of the Republic of Kazakhstan 1925-2009. Communicative language competences of Kazakh language proficiency. Upper-intermediate level. General proficiency]. (2009). Memstandart.

15. Kazakhstan Respublikasynyn memleketтік standarty 1927-2009. Kazakh tilin mengerudin kommunikativтік tildik kuzyrettilikteri. Zhogary dengey. Zhalpy mengeru [State Standard of the Republic of Kazakhstan 1927-2009. Communicative language competences of Kazakh language proficiency. Advanced level. General proficiency]. (2009). Memstandart.

16. Kazakhstan Respublikasy Ukimetinin 2023 zhylygy 16 kazandagy № 914 kaulysy "Kazakhstan Respublikasynda til sayasatyn damytudyn 2023-2029 zhyldarga arналган tuzhyrymdamasy" [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated October 16, 2023, No. 914 "Concept for the development of language policy in the Republic of Kazakhstan for 2023-2029"]. (2023).

#### **Авторлар туралы мәлімет**

**Ерсултанова Гүлнүр Серікбаевна** (автор-корреспондент) - Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу орталығы» ШЖҚ РМК ҚАЗТЕСТ жүйесін дамыту жөніндегі басқарманың басшысы, Астана, Қазақстан, e-mail: e\_gulnura@mail.ru

**Сердалина Сания Қуановна** – PhD докторант, ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу орталығы» ШЖҚ РМК ҚАЗТЕСТ жүйесін дамыту жөніндегі басқарманың бас сарапшысы, Астана, Қазақстан, e-mail: saniya\_serdalina@mail.ru

#### **Сведения об авторах**

**Ерсултанова Гүлнүр Серікбаевна** (автор-корреспондент) - докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, руководитель управления по развитию системы КАЗТЕСТ РГП на ПХВ «Национальный центр тестирования» МНВО РК, Астана, Казахстан, e-mail: e\_gulnura@mail.ru

**Сердалина Сания Куановна** – PhD-докторант, ведущий эксперт управления по развитию системы КАЗТЕСТ РГП на ПХВ «Национальный центр тестирования» МНВО РК, Астана, Казахстан, e-mail: saniya\_serdalina@mail.ru

*Information about the Authors*

**Gulnur Serikbaevna Yersultanova** (corresponding author) – PhD student at L.N. Gumilyov Eurasian National University, Head of the Department for the Development of the KAZTEST System, Republican State Enterprise on the Right of Economic Management «National Testing Center» of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan, e-mail: e\_gulnura@mail.ru

**Saniya Kuanovna Serdalina** – PhD student, Leading Expert of the Department for the Development of the KAZTEST System, Republican State Enterprise on the Right of Economic Management «National Testing Center» of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan, e-mail: saniya\_serdalina@mail.ru